

## 2018 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 235 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қарашада № 7312 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы, 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау әлеуметтік мәселелер жөніндегі аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

*Аудан әкімі*

*К. Абишев*

Әкімдігінің

2017 жылғы 13 қарашадағы

№ 235 қаулысына қосымша

## 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/н	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	Жұмыс орындарының саны
1.	"Ряжское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	538	0,4 %	2